

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі
20 __ ЖЫЛҒЫ « __ » _____
№ _____

010000, Астана, Мажилис Парламента
« __ » _____ 20 __ года

2024 жылдың 22 сәуірінде жарияланды

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі
О. Бектеновке

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

Құрметті Олжас Абайұлы!

Қазіргі таңда Атырау облысы Жылыой ауданы Құлсары қаласында қаланы су басу салдарынан жергілікті тұрғындар арасында өте шиеленіскен жағдай қалыптасып отыр. Сондықтан, Құлсары қаласындағы жағдай Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі ретінде дереу араласуды және Үкімет тарапынан шешуші әрекетті талап етеді.

Су тасқынынан зардап шеккен Құлсары қаласындағы ахуалды көзбен көріп, жергілікті тұрғындардың жан-айқайымен толық танысқандықтан депутаттық сауал жолдап, «халық үніне құлақ асатын Үкіметке» мыңдаған құлсарылықтардың талап-тілегін жеткізгелі отырмын. Себебі, аудандағы күрделі ахуал күні бүгінге дейін сақталуда.

Жылыой ауданы – жалпы қоры 2,5 миллиард тоннаны құрайтын 40-тан астам мұнай кен орны бар еліміздегі ең ірі стратегиялық маңызы зор өңір болып табылады. Өңірдегі мұнай қоры Тәуелсіз Қазақстанның экономикасын дамытуға мол мүмкіндік берді. Ұлттық қорда, республикалық бюджетте осы Жылыойдан өндірілген мұнайдың табысынан құралып отырғаны да жасырын емес. Мемлекетіміздің алғашқы ірі инвестициялық жобалары да сол Жылыой ауданында жүзеге асырылды.

Ал, ел экономикасы үшін донор болып отырған сол Жылыой ауданының су тасқынынан айтарлықтай зардап шегіп, халқының босып жүруі – елдігімізге, Үкіметтің жұмысына үлкен сын.

Бүгінгі күні Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі су тасқынынан зардап шеккен өңірлерде тұрғын үйді, әлеуметтік инфрақұрылымды, коммуналдық шаруашылық объектілерін қалпына келтіру бойынша жасақтаған алгоритмі зардап шеккен халық үшін тиімсіз болып отыр. Елдің тұтастығын сақтау, Қаңтар оқиғасы сияқты жаппай халықтық толқулардың алдын-алу үшін Үкімет бірінші кезекте су басқан өңірлердегі зардап шеккен тұрғындардың жан-айқайы мен наразылығын дер уақытында шешіп, жағдайды шұғыл арада реттеуі қажет.

Елінде соғыс болып, халықаралық санкциялардан экономикасы әлсіреп отырған көршілес Ресей мемлекеті су тасқыны салдарынан тұруға жарамсыз үй үшін өтемақыны 1 шаршы метрге 69 мың рублден тағайындаса, қаза тапқандардың туыстарына біржолғы жәрдемақы - 1 миллион рубльді, біржолғы материалдық көмек бір адамға 20 мың рубльді, ішінара бүлінген мүлік үшін 50 мың рубльді, толық бүлінген мүлік үшін 100 мың рубльді құрайды.

Ал, Қазақстанда Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі тұрғын үйі тұруға жарамсыз деп танылған жағдайларда типтік жоба бойынша құны 22 млн.теңгеге жаңа тұрғын үй салу, төтенше жағдайдың туындау қаупіне байланысты тұруға жол бермеу туралы шешім қабылданған объектілер үшін мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй беруге шешім қабылдап отыр. Бұл шешімге Атырау облысы Құлсары қаласының тұрғындары наразы.

Себебі, Құлсары қаласында суға кеткен үйлердің басым көпшілігі жаңадан әрі сапалы құрылыс материалдарымен салынған заманауи сәулетті үйлер. Құлсары – мұнайшылар қаласы екенін ескерсек, ауыл тұрғындарының Теңіз қалашығында жылдар бойы еңбек етіп жүріп тапқан табысына салынған үйлердің құнын мемлекеттің бөліп отырған 22 млн.теңгесімен салыстыруға да келмейді. Екіншіден, зардап шеккен тұрғын үйлердің басым көпшілігінің көлемі 150-200 шаршы метрден жоғары. Бейбіт күнде табиғи тосын апаттан зардап шегіп, титықтап отырған құлсарылықтардың министрлік бекіткен жаңадан салынатын үйлер мен жөндеуге берілетін өтемақының мөлшерін қайта қарау туралы талаптары өте орынды.

Қазіргі таңда, Құлсары қаласындағы 2 үлкен бейітті, мал сою цехтарын, мұнай қалдықтары мен шламдарды, қоқыстарды шайған тасқын судың үстінде халықтың тірнектеп салған 2 810 баспанасы тұр. Бұл жердегі эпидемиологиялық ахуал күрделі, жұқпалы аурулардың тарау қаупі жоғары. Сондықтан, қаладағы осындай улы су басқан үйлерді толықтай жарамсыз деп танып, халыққа жаңа баспана салуды талап етеміз. Әйтпесе, санитарлық талаптарға сай келмейтін, айға жуық лас судың үстінде тұрған баспанасын барып паналауға, ол жерде сәби дүниеге әкеліп, балаларды тәрбиелеуге, егде тартқан үлкен кісілерді, науқас адамдарды тұрғызуға құлсарылықтар толықтай наразы болып отыр. Бұл талапқа менде қосыламын.

Сондықтан, Мәжіліс депутаты ретінде Үкіметке төмендегідей ұсыныстар енгіземін.

Бірінші, тұрғын үйі тасқын су салдарынан жарамсыз болып қалған азаматтарға өтемақы, атап айтқанда, аймақтағы тұрғын үйдің шаршы метрінің ағымдағы құнына байланысты арнайы формула бойынша есептелуі қажет. Мысалы, Атырау облысында жаңа тұрғын үйдің нарықтағы бағасы 1 шаршы метр үшін орташа есеппен 400 000 тг құрайды.

Өйткені, өңірде құрылыс материалдары қымбат. Мәселен, Атырау облысында бетонның бір текше метрі 50 мың теңге тұрады. Ал, Алматыда сол бетон 16 мың, Ақтөбеде 28 мың теңге тұрады. Алматыда 2700 тг тұратын ПГС материалын Ақтөбеде 4 мың тг, Атырауда 8500 тг ала аласың. Күйдірілген кірпіштің бағасы Алматы қаласында 36 тг, Ақтөбеде 120 тг, Атырауда 160 тг тұрады. Атырауда қиыршық тас, цемент, басқа да құрылыс материалдары өзге өңірлермен салыстырғанда орташа есеппен 40-70%-ке қымбат. Сол себептен, бұл мәселені тезірек талқылап, оңтайлы шешім қабылдаған жөн.

Екінші, Құлсары қаласында су тасқынынан зардап шеккен, бірақ тұруға жарамды, жөндеуге келетін тұрғын үйлердің бір шаршы метріне 100 000 теңгеден өтемақы төленуі қажет. Сәйкесінше, 100 шаршы метр үйдің жөндеуіне 10 млн.теңге, 200 шаршы метрдің үйдің жөндеуіне 20 млн.теңге берілуі керек. Себебі, су тасқынынан адамдардың тұрғын үйімен қатар, жылдап жинаған дүние-мүлкі, жиһаздары, тұрмыстық техникалары, киім-кешектері, басқа да қажетті заттары жарамсыз болып қалды. Ал, олардың кейбіреуі несиеге алынып, кейбір үйлердің несиеге салынғанын ескерсек, құлсарылықтардың қазіргі жағдайы өте ауыр.

Үшінші, зардап шеккен отбасыларға берілетін біржолғы әлеуметтік өтемақыны 100 айлық есептік көрсеткіштен емес, отбасының әр мүшесіне 50 айлық есептік көрсеткіш көлемінде тағайындау қажет. Себебі, тұрғын үйі суға кеткен азаматтар киім-кешек, қажетті заттарынсыз қалып қана қоймай, баспанасыз босып жүруге мәжбүр болып отыр. Және де олардың осындай қиын жағдайда баспанасыз эвакуациялық пункттерде, жалдамалы пәтерлерде қанша уақыт жүретіні де белгісіз.

Төртінші, қаза тапқандардың туыстарына 2 000 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде біржолғы жәрдемақы белгіленуі керек. Себебі, Құлсары қаласында су тасқынынан 4 адам қайтыс болып, 4 отбасы асыраушысынан айырылып отыр. Адам шығыны орын алған табиғи апат кезінде олардың отбасыларына мемлекет тарапынан лайықты қолдау көрсетіліп, қаза тапқандардың туыстарына біржолғы жәрдемақы міндетті түрде берілуі тиіс.

Бесінші, су тасқынынан зардап шеккен Құлсары қаласын қайта реконструкциялап, жаңа «ЭКО ҚҰЛСАРЫ» салу жобасын қарастыруды сұраймын. Шән мәнінде, біз Атырау қаласын емес, Құлсарыны «мұнайлы астана»

деуіміз керек. Ондағы 70 мыңға жуық тұрғынның тыныс-тіршілігі тікелей мұнай өндірісімен байланысты. Бірақ, ең байлықтың үстінде отырған Жылыой ауданының орталығы Құлсары қаласының архитектуралық келбеті, көгалдандыру және абаттандыру жұмыстарының төмендігі, апатты және тозығы жеткен тұрғын үйлердің көптігіне қарап, «мұнайлы астана» деуге аузың бармайды.

Су тасқынынан кейін, Үкімет тарапынан Жылыой ауданына ерекше назар аударылып, аудан халқына өмір сүруге қолайлы жағдай жасау қажет. Жылыой жерінде мұнайдан тапқан табыстың бір бөлігін сол ауданға бағыттап, ауданды Үкіметтің тікелей қамқорлығына алу – қазіргідей қиын жағдайда саяси маңызды әрі дұрыс шешім болады деп ойлаймын.

Құрметті Олжас Абайұлы!

Жоғарыда аталған ұсыныстарды Сіз басшылық етіп отырған Үкіметтің республикалық бюджет, Үкімет резерві, жергілікті бюджет және бюджеттен тыс қорлар қаражаты есебінен жүзеге асыруға толықтай мүмкіндіктері бар.

Депутаттық сауалда айтылған халықтың сұранысы мен талап-тілегін ескеріп, жауапсыз қалдырмауды сұраймын.

Депутаттар

**Ә. Жұбанов
Р. Зайытов
С. Мусабаев
Е. Жаңбыршин
Д. Тұрғанов
Н. Сәрсенғалиев
М. Толықбаев
И. Смирнова**

Орынд Оразбекова А.
Тел 74 65 25